

**Әкімдіктің 2011 жылғы 15 наурыздағы № 150 "2011 жылы ақылы қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру туралы" қаулысына өзгеріс енгізу туралы**

Қостанай облысы Лисаков қаласы әкімдігінің 2011 жылғы 24 мамырдағы № 265 қаулысы. Қостанай облысы Лисаков қаласының Әділет басқармасында 2011 жылғы 8 маусымда № 9-4-186 тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31-бабы 1-тармағының 13) тармақшасына, "Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 7-бабы 5) тармақшасына, 20-бабының 5-тармағына, "Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 19 маусымдағы № 836 қаулысына сәйкес Лисаков қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Әкімдіктің "2011 жылы ақылы қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру туралы" 2011 жылғы 15 наурыздағы № 150 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9-4-181 болып тіркелген, 2011 жылғы 7 сәуірде "Лисаковская новь" газетінде жарияланған) мынадай өзгеріс енгізілсін:

2-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"2. Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына әлеуметтік аударымдар, әлеуметтік салық және қосылған құн салығы Лисаков қаласының бюджетінен өтеледі және жұмыс берушінің есеп айырысу шотына аударылады екендігі белгіленсін".

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Лисаков қаласы әкімінің орынбасары Ә.С. Сапароваға жүктелсін.

3. Осы қаулы оны алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қала әкімі*

*В. Радченко*